



**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МЕНЕДЖМЕНТІ  
ЖҮЙЕСІ**

Құжатталған рәсім

**Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері**

**ABMS.DP.10.1**

**Ақтау 2024**

## Мазмұны

1.Қолдану аясы	3
2.Нормативтік сілтемелер	3
3.Терминдер мен анықтамалар	3
4. Сәйкессіздіктер мен түзетулерді басқару рәсімі	3-5
4.1 Жалпы ережелер	3-4
4.2 Түзету әрекеттерін жүргізу мақсаттары	4
4.3 Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттерін басқару рәсімі	4-5
5. Жауапкершілік	5
5.1 Қоғам басшылығы	5
5.2 ПҚМЖ-ға жауапты	5-6
5.3 Қоғам персоналы	6
6.Жазбалар	6
Қосымша А Сәйкессіздіктер мен түзетулерді басқару Нұсқаулығы.	7
Қосымша Б Сәйкессіздіктер мен түзетулерді жазу нысаны.	8

## **1. Қолдану аясы**

Осы құжат «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Қоғам) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл менеджменті жүйесінің (бұдан әрі – ПҚМЖ) құжаттамасының құрамына кіреді және Қоғам қызметкерлеріне (ішкі аудиторларға) сәйкессіздіктермен және түзету әрекеттерімен жұмыс істеу бойынша ұсынымдарды қамтиды.

Осы құжатталған рәсім қоғамның барлық қызметкерлерінің қолдануы үшін міндетті.

«Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері» рәсімінің шығыс деректері АВМС DP.9.3. сәйкес басшылық тарапынан ПҚМЖ талдауын жүргізу кезінде кіріс ақпараты болып табылады.

Құжат ISO 37001/ ҚР СТ ISO 37001 (10.1-тармақ) талаптарын және АВМС.DP.7.5.құжатталған ақпаратты басқару жөніндегі құжатталған рәсімді ескере отырып әзірленді.

## **2. Нормативтік сілтемелер**

Осы құжатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

**ISO 19011:2011** «Guidelines for auditing management systems»

**ISO 37001:2016** «Anti-bribery management systems – Requirements with guidance for us

- Қоғамның ПҚМЖ ішкі құжатталған ақпараты.

**ҚР СТ ISO 37001** «Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі. Талаптар және қолдану жөніндегі Нұсқаулық»

## **3. Терминдер мен анықтамалар**

Осы құжатта ISO 19011 және ISO 37001 / ҚР СТ ISO 37001 белгіленген терминдер қолданылады.

## **4. Сәйкессіздіктер мен түзетулерді басқару рәсімі**

### **4.1 Жалпы ережелер**

Ішкі шеңбердегі барлық анықталған және тіркелген сәйкессіздіктер (АВМС.DP.9.2 ережелеріне сәйкес) және сыртқы аудиттерді ПҚМЖ (Комплаенс қызметі) үшін жауапты адам қарауы және талдауы тиіс.

Анықталған және тіркелген сәйкессіздіктер үшін олардың пайда болу себептері анықталуы керек. Бір сәйкессіздіктің бірнеше себептері болуы мүмкін, сонымен қатар бір себеп бірнеше сәйкессіздіктерге әкелуі мүмкін.

Сәйкессіздіктерді және олардың пайда болу себептерін талдау талдаушы тұлғаның қолы қойылған кез келген құжатталған ақпарат түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Егер сәйкессіздіктер мен олардың пайда болу себептері анық, күмән тудырмаса және екіұшты түсіндірілмесе, жазбаша талдау жүргізілмеуі мүмкін.

Сәйкессіздіктерді және олардың пайда болу себептерін талдауға жауапты адам анықталған және тіркелген сәйкессіздіктердің бар-жоғын және/немесе олар туындауы мүмкін екенін анықтауы керек. Ұқсас немесе ықтимал сәйкессіздіктер анықталған кезде оларды өңдеу ішкі және сыртқы аудиттер шеңберінде анықталған және тіркелген сәйкессіздіктер жағдайында да жүргізілуі тиіс.

Әрбір анықталған және тіркелген сәйкессіздіктер үшін түзетулер және/немесе түзету әрекеттері әзірленіп, іске асырылуы тиіс.

#### **4.2 Түзету әрекеттерін жүргізу мақсаттары**

Түзету шараларын жүргізудің мақсаты ПҚМЖ жарамдылығын, қолайлылығын және сәйкестігін сақтау болып табылады. Түзету әрекеттері қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін тұрақты жақсарту және оның ПҚМЖ процестерінің нәтижелілігін арттыру құралы болып табылады.

#### **4.3 Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттерін басқару рәсімі**

Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттерін басқару процедурасы туралы Нұсқаулық А қосымшасында келтірілген.

Инструкция по процедуре управления несоответствиями и корректирующими действиями представлена в Приложении А.

#### **Түзетулер мен түзету әрекеттерін анықтау**

Сәйкессіздіктердің пайда болу себептерін талдау нәтижелері бойынша қажетті түзету әрекеттері мен оларға түзетулер анықталады.

Сәйкессіздіктің бір себебі үшін бірнеше түзету әрекеттері жасалуы немесе бірнеше түзетулер енгізілуі мүмкін.

Сәйкессіздіктерді жою бойынша түзетуді және/немесе түзету іс-қимылдарын айқындауды ПҚМЖға жауапты (қажет болған жағдайда сәйкессіздік анықталған бөлімше басшысымен) жүзеге асырады. Түзетулер және / немесе түзету әрекеттері мәселенің маңыздылығына сәйкес келуі, анықталған сәйкессіздіктердің салдарына сәйкес келуі және осы сәйкессіздіктердің қайта туындауын болдырмауға бағытталуы тиіс.

Түзетулер және / немесе түзету іс-әрекеттері ПҚМЖ үшін жауаптылармен «Ішкі аудитор журналына» енгізіледі. Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттері бойынша жазбалардың нысаны Б қосымшасында берілген.

## **Түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін жүзеге асыру**

Түзету және / немесе түзету әрекеттері белгіленген мерзімде жүзеге асырылуы тиіс.

Түзету немесе түзету әрекеттерін жүзеге асыруға қоғамның құрылымдық бөлімшесінің басшысы немесе ПҚМЖ үшін жауапты болып табылады.

## **Түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін верификациялау және олардың нәтижелілігін бағалау**

Түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін верификациялауды ПҚМЖ-ға жауапты (жетекші аудитор) белгіленген жазбалардағы сәйкессіздіктерді жою (түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін орындау) туралы тиісті белгімен («Ішкі аудитор журналы») жүзеге асырады.

Түзетулердің және/немесе түзету әрекеттерінің нәтижелілігін жедел бағалауды СМБВ-ға жауапты адам жүзеге асырады.

*Ескертпе - ішкі және сыртқы аудиттердің нәтижелері бойынша қабылданатын түзетулердің және/немесе түзету әрекеттерінің нәтижелілігін ішкі аудиторлар кейінгі аудитті жүргізу кезінде бағалайды.*

Түзету және/немесе түзету әрекеттерін тексеру кезінде 1-кестеде келтірілген бағалау шкаласы қолданылады.

### **Кесте 1**

<b>Нәтижелікті сандық бағалау</b>	<b>Нәтижелікті сапалық бағалау</b>
0	Түзету және/немесе түзету әрекеттері жүзеге асырылмаған
50 %	Түзету және/немесе түзету әрекеттері жартылай жүзеге асырылмаған
100 %	Түзету және/немесе түзету әрекеттері жүзеге асырылған

Түзетулердің және/немесе түзету әрекеттерінің нәтижелілігін қорытынды бағалау басшылықтың ПҚМЖ талдау есебінде келтіріледі.

## **5. Жауапкершілік**

### **5.1 Қоғам басшылығы**

Қоғам басшылығы «Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері» рәсімі шеңберінде мынадай функцияларды орындайды:

- түзету әрекеттерінің орындалуын және олардың нәтижелілігін тексеруге басшылық етеді;
- ықтимал сәйкессіздіктерді және олардың пайда болу себептерін анықтауға басшылық етеді.

### **5.2 ПҚМЖ жауапты**

ПҚМЖ жауапты «Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері» рәсімі шеңберінде мынадай функцияларды орындайды:

- сәйкессіздіктерді және олардың пайда болу себептерін талдауға басшылық етеді;

- түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін анықтауға басшылық етеді;

- түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін тексеруді жүргізеді;

- түзетулердің және/немесе түзету әрекеттерінің нәтижелілігін бағалауды жүргізеді;

- «Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттер» («Ішкі аудитор журналы») рәсімі бойынша жазбалар қалыптастырады.

### **5.3 Қоғам персоналы**

Қоғам персоналы «Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері» рәсімі шеңберінде мынадай функцияларды орындайды:

- сәйкессіздіктерді және олардың пайда болу себептерін талдау бойынша жұмысты орындайды;

- сәйкессіздіктерді жою бойынша түзетулерді және/немесе түзету әрекеттерін анықтау бойынша жұмысты орындайды;

- түзету және / немесе түзету әрекеттерін жүзеге асырады.

### **6.Жазбалар**

«Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері» рәсімінің шығыс деректері:

- Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттерін жүргізу туралы жазбалар.  
(Қосымша Б)

## Сәйкессіздіктер мен түзету әрекеттерін басқару процедурасы туралы Нұсқаулық

Процедура кезеңі	Іс шаралар	Жауапты	Жиілігі (мерзімі)	Шығыс деректері
Сәйкессіздіктерді талдау	Ішкі және сыртқы аудит тіркеген сәйкессіздіктерді талдау	ПҚМЖ жауапты	Сәйкессіздікті тіркегеннен кейін	-
Түзету және / немесе түзету әрекеттерін жоспарлау	Түзету және / немесе түзету әрекеттерін орындауға жауаптыларды бөлу, орындау мерзімін белгілеу	ПҚМЖ жауапты	Әрбір түзету және / немесе түзету әрекеттеріне анықталады	Түзету және / немесе түзету әрекеттері туралы жазбалар (Қосымша Б)
Түзету және / немесе түзету әрекеттерін жүзеге асыру	Жоспарланған түзету және / немесе түзету әрекеттерін белгіленген мерзімде іске асыру	Түзету және / немесе түзету әрекеттерін іске асыруға жауапты персонал	Нақты түзету және / немесе түзету әрекеттері туралы жазбалар бойынша	-
Түзету және / немесе түзету әрекеттерін верификациялау	Түзету және / немесе түзету әрекеттерін орындауға талдау жүргізіледі	ПҚМЖ жауапты	Түзету және / немесе түзету әрекеттерін іске асыру мерзімі өткеннен кейін	Түзету және / немесе түзету әрекеттері туралы жазбалар (Қосымша Б)
Түзету және / немесе түзету әрекеттерін нәтижелілігін бағалау	Әрбір түзетулерді және/немесе әрбір түзету әрекеттерін орындау нәтижелілігін бағалау, сондай-ақ нәтижелілікті жалпы бағалау жүргізіледі	ПҚМЖ жауапты	Түзету және / немесе түзету әрекеттерін іске асыру мерзімі өткеннен кейін	Түзету және / немесе түзету әрекеттері туралы жазбалар (Қосымша Б)

